

**Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Бижомарт Қапалбек Сейсенбекұлының «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сарсенбай Жанат Асылханқызының «Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе: норма және узус» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ЖАЗБАША ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе Мемлекеттік Бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы), қойылған 5-міндет «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты міндетіне толықтай сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2022-2026 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</li> <li>- «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».</li> </ul> <p>Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.</p>

		ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы зор. Диссертацияның құрылымы, тақырыбы, мазмұны жүйелі және ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелденген. Жұмыстың орындалу сапасы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылары шынайы, тиімді және ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен және ғылыми тұжырымдалған. Диссертант тарапынан ғылыми зерттеу жұмысының маңыздылығы зерттеу материалдары мен зерттеу қорытындыларын практикалық жағынан жоғары оқу орындарында филология бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында оқытылатын жоғары оқу орындарының филология факультетінде «Сөз мәдениеті», «Стилистика және тіл мәдениетінің негіздері», «Қазіргі қазақ публицистикасының тілі», «Қазақ сөз этикеті», «Тілдік қарым-қатынас», «Әлеуметтік лингвистика» сияқты арнаулы курстар, көмекші құрал ретінде және т.б. курстарда теориялық тұрғыдан түсіндіруде маңызды болып саналады.
	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: жоғары; орташа; төмен; өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Жұмысты ізденушінің өзі жазғандығы өзіндік баяндау стилінен анық байқалып тұр. Жұмыс мазмұны ғылыми стильмен баяндалады. Диссертант норма мен узустың БАҚ-тағы, әлеуметтік желілердегі, киноиндустриядағы қолданысын, аударма ісіндегі олқылықтарды жан-жақты зерттегендіктен, аталмыш жұмыстың мемлекеттік тіл саясатына, лингвистика және ливгоэкология саласына қосар үлесі айтарлықтай салмақты. Норма мен узус тек қана қазақ тілі ғана емес, жалпы тіл білімінде келелі мәселе екендігін, зерттелу тарихында түрік және орыс ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылғанын, ал отандық зерттеулерде арнайы тақырып ретінде емес сөйлеу мәдениеті мен норманың аясында қарастырылып келгендігін айтады. Оны бүкіл шетелдік, отандық ғалымдардың бұрын-соңды жазылған еңбектерін саралап, талдау жасай отырып, дәлелдеп, өзінің зерттеу нысаны болып отырған әлеуметтік лингвистиканың коммуникативті аспектісінде қолданысын қарастырып, оны мысалдармен нақты дәлелдеулерімен айқындауы жұмысты диссертанттың өзі жазғандығын айғақтайды.

		ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИССИЯ бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы зор. Диссертацияның құрылымы, тақырыбы, мазмұны жүйелі және ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелденген. Жұмыстың орындалу сапасы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылары шынайы, нақтылығымен және ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен тұжырымдалған. Диссертант тарапынан ғылыми зерттеу жұмысының маңыздылығы зерттеу материалдары мен зерттеу қорытындыларын практикалық жағынан жоғары оқу орындарында филология бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында оқытылатын жоғары оқу орындарының филология факультетінде «Сөз мәдениеті», «Стилистика және тіл мәдениетінің негіздері», «Қазіргі қазақ публицистикасының тілі», «Қазақ сөз этикеті», «Тілдік қарым-қатынас», «Әлеуметтік лингвистика» сияқты арнаулы курстар, көмекші құрал ретінде және т.б. курстарда теориялық тұрғыдан түсіндіруде маңызды болып саналады.
	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: жоғары; орташа; төмен; өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Жұмысты ізденушінің өзі жазғандығы өзіндік баяндау стилінен анық байқалып тұр. Жұмыс мазмұны ғылыми стильмен баяндалады. Диссертант норма мен узустың БАҚ-тағы, әлеуметтік желілердегі, киноиндустриядағы қолданысын, аударма ісіндегі олқылықтарды жан-жақты зерттегендіктен, аталмыш жұмыстың мемлекеттік тіл саясатына, лингвистика және ливгоэкология саласына қосар үлесі айтарлықтай салмақты. Норма мен узус тек қана қазақ тілі ғана емес, жалпы тіл білімінде келелі мәселе екендігін, зерттелу тарихында түрік және орыс ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылғанын, ал отандық зерттеулерде арнайы тақырып ретінде емес сөйлеу мәдениеті мен норманың аясында қарастырылып келгендігін айтады. Оны бүкіл шетелдік, отандық ғалымдардың бұрын-соңды жазылған еңбектерін саралап, талдау жасай отырып, дәлелдеп, өзінің зерттеу нысаны болып отырған әлеуметтік лингвистиканың коммуникативті аспектісінде қолданысын қарастырып, оны мысалдармен нақты дәлелдеулерімен айқындауы жұмысты диссертанттың өзі жазғандығын айғақтайды.

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; сәйкес келмейді</p>		<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсатына сәйкес норма мен узус, оның бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желідегі көрінісі, әсіресе кино тілінде көрініс беруі мен оның ара жігін көрсету арқылы тілдік ерекшеліктерін жан-жақты талданып, нақты нәтижелерге қол жеткізген. Сөзсаптауда қолданылып жүрген, дағдымызға айналған колданыстардың ерекшеліктері, жалпы сипаты, семантикалануы, олардың өз ішінде болып жатқан лексика-семантикалық процестер кеңінен талданған. Диссертацияға қойылған міндеттер толықтай орындалған, зерттеудің құрылымын түзетін үш бөлімнің мазмұнына сәйкес жинақталып көрсетілген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: толық байланысқан; жартылай байланысқан; байланыс жоқ</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Зерттеу жұмысының құрылымында жүйелік, өзара байланыстылық бар. Диссертация құрылымынан зерттеушінің қарастырылып отырған тақырыпты жан-жақты сипаттайтын негізгі мәселелерді қамтығандығы, ғылыми ізденістің жүйелілігі, диссертация бөліктерінің ішкі сабақтастығы анық көрінеді. Бұл тұрғыдан келгенде диссертацияның: «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма мен узус», «Әлеуметтік желідегі норма мен узус» және «Қазіргі кино тілі: норма мен узус» деп аталатын үш бөлімі (тарауы) де, олардың ішкі шағын тақырыпшалары да өзара тығыз байланысып, біріне-бірі туындап негізгі тақырыпты жан-жақты аша түсуге бағытталған. Соған сәйкес алынған нәтижелердің ішкі бірлікте болуына қол жеткізілген. Диссертацияның құрылымы негізгі тақырыпты ашуға жан-жақты бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан, ой-тұжырымдар өзара сабақтасады. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері үндесіп, сабақтаса баяндалған.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Зерттеуші тарапынан өзіндік тұжырымдары, тың пайымдаулары, сыни талдаулары бар. Әсіресе, диссертанттың ғылыми жұмысты жазу барысында: қазіргі тіл ғылымында қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен тіл мәдениеті және оның мәселелері, тілдік норма туралы ұғым, норманың өлшем-шарттары, узустық қолданыстардың семантикалық ауыпқуларын айқындауда негізгі түйіндерді жинақтау, топтау, сұрыптау, узустық қолданыстардың пайда болу себептеріне ғылыми сипаттама жасаған.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен тақырыптық ерекшелігіне байланысты коммуникативті әдіс, сипаттама, талдау, жүйелеу және түсіндіру, тілдік факторларды салыстыра отырып зерттеу, құрылымдық-семантикалық, когнитивті-прагматикалық интерпретация, компоненттік талдаулар негіз болды. Әлеуметтік мониторинг (бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық тепе-теңдікті анықтау), мазмұндық талдау (әлеуметтік желілердің, бақ, киносценарий мәтіндерін анықтауға мүмкіндік беретін бірліктерді талдауда); статистикалық талдау (кинотеатрлардың атауларына қатысты сандық талдауларда); әлеуметтік сауалнама жүргізу; эксперимент, жүйелеу әдістері диссертацияда ұтымды қолданғандығын ерекше айтып өтуге болады. Сонымен қатар диссертанттың өзіндік сыни талдаулары, көзқарастары, пікірлері айқын.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: Мәселен, бұқаралық ақпарат құралдарынан 950-ге жуық, әлеуметтік желі бойынша 500-ден астам, кино тілінен 400-ге жуық тілдік бірлік талданып, сараланды. Кино тілінің дискурстық ерекшелігі, кинодағы вербалды және бейвербалды лебіздердің ерекшелігі, тарихи кинолардан норманың негізгі критерилеріне үлгі ретінде алынып, қазіргі кино тіліндегі узустық қолданыс ерекшеліктері көрсетіледі. Диссертацияда қолданыстан қате қолданыстар мен норма қолданыстар кесте арқылы дұрыс жүйеленіп берілген. Бұл диссертант еңбегінің толығымен жаңа зерттеу екендігін дәлелдейді әрі зерттеу нәтижелері толығымен жаңа болып табылады.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? толығымен жаңа; жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырымдар:</p> <p>Баспасөз тілі – көпшілік қауымның лингвоэкологиялық сауаттылығын арттырудың бірден-бір қуатты құралы екені сөзсіз, алайда <i>құрсақ ана, мейіргер, тайраңдай ұшты, зіңгіттей қызбала, ашыққаннан қуныққан жаман</i> сияқты тілдік бірліктерді әлеуметтік-семантикалық мәнге ие, семантикалық жағынан өзгерімпаз, құбылмалы, контекстік мәні жағынан антиқұндылықты маркерлі лексемаға ауысып қолданғанын нақты газет мысалдары негізінде жүйелі талдап көрсетуі және уақыт өте келе бұл тіркестер ұжымдық сананың үйреншікті, дағдылы (узустық) қолданысына айналып, тілдік нормадан берік орын алу мүмкіндігіне ие екеніне жүйелі түрде сараптама жасайды, тіпті қауіптенеді. Бұл өз кезегінде диссертанттың тақырыбын жетік меңгергендігін, қазақтың дүниетанымдық құндылықтарының қырлы қатпарларын терең түсіне білетін көрсетеді, үнемі қате қолданыстың қасына дұрыс нұсқасын жазып отыруы диссертанттың өзіндік ізденісін аңғартады.</p> <p>Жаһандану заманында күн сайын, сағат сайын, минут сайын қарыштап еніп жатқан шет елдік ақпараттық технология экспансиясы, тілдік сананың манипуляциялануы (әсіресе жастардың), виртуальды коммуникация мен жасанды интеллекттің ықпалы қазақ тілінің нормалық үдерісі мен тілдік табиғатын тығырыққа тіреп, тіпті әлеуметтік желі тіліндегі қаптаған қате қолданыстар узусқа айналып отырғаны баршамызға аян. Осы өзекті мәселені ғылыми зерттеу жұмысының II тарауында әсіресе практикалық тұрғыдан талдауға салып (<i>ок, пока, супер, инста, подписчиگی, поделиться, круто, звандасай, Абаяға дейін, отправить етші, және т.б</i>) сияқты мысалдармен дәйектеп тілдің ешбір заңдылығына бағынбайтын алға тартуы, мемлекеттік тілдің деформациялануы мен деградацияға ұшырауын тіл жанашыры ретінде әрі ғылыми зерттеуші ретінде дәйектеп өз ұсыныстарын алға тартуын құптарлық жайт.</p> <p>Диссертация жұмысының үшінші тарауында қазіргі кино тілінің прагматикасы қарастырылып, кейіпкерлер тіліндегі сөз қолдану ерекшелігі вербальды және бейвербальды амалдар арқылы жүзеге асырылатыны талданып, «Кейкі мерген», «Сарай сыры», «Келінжан» туындыларының тіліне кешенді сараптама</p>

			жасалады. Кино тілінің дискурстық ерекшелігі мен прагматикалық болмысына сан алуан психологиялық ахуалды интерпретациялап бейнелеуге талпыныс жасайды. Зерттеу барысында диссертант зерттеу пәніне сәйкес жаңа мәселелерді қарастырған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? толығымен жаңа; жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жаңа, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік деректер арқылы толығымен жаңадан негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме?	Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертант Ж.А. Сарсенбай жеті қағидат ұсынады. Ұсынылған қағидаттарға тоқталсақ: Ғылыми жұмыста қағидаттар дәлелденген. Ғылыми жұмыста қағидаттар тривиалды емес.

		<p>дәлелденді; шамамен дәлелденді; шамамен дәлелденбеді; дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? ия; жоқ 7.3 Жаңа ма? ия; жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: тар; орташа; кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? ия; жоқ</p>	<p>Ғылыми жұмыста қағидаттар жаңа. 7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидаттардың қолдану деңгейі кең ауқымды. 7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидаттар 9 мақалада дәлелденген. Соның ішінде, 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 1 мақала халықаралық шетелдік журналда, 4 мақала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрген.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған ия; жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі</p>	<p>Иә. Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне ғылыми сипаттама әдісі, салыстырмалы әдіс, сауалнамалық сараптама әдісі, сандық талдау, классификациялық әдістері, узустық қолданыстардың коммуникативті тәжірибеде жиі кездесуіне байланысты топтастырылған (орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық, лексика-семантикалық) тәсілдерімен қатар жаппай жинақтау, топтау, сұрыптау тәсілдері қолданылған.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертацияның рәсімделу деңгейі де жоғары. Зерттеу жұмысында терминдерді әр қырынан талдау негізінде түзілген кестелер түрлі сызбалар,</p>



		<p>заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>ия; жоқ</p>	<p>кестелер мен диаграммалар өте мол. Сол арқылы диссертант талдаулар қорытындысы мен алынған нәтижелерді айқын әрі көрнекі етіп ұтымды көрсетеді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>ия; жоқ</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген. Диссертант Ж.Сарсенбайдың жұмысы қазіргі таңда қазақ тілінің күнделікті қолданысындағы норма мен узус мәселесіне арналған. Сөйлеушілердің ауызша сөйлеуінде қазақ тілінің тек лексикалық нормалары ғана емес, сонымен бірге грамматикалық нормаларының да бұзылуы күнделікті жиі кездесетін сөйлеу әрекетіне айналуын сөз етеді. Осыған байланысты сөйлеу әрекетіндегі норма мен узус мәселесін ғылыми тұрғыдан зерделеу – зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Диссертанттың зерттеу жұмысында қазіргі БАҚ дискурсының рөлі күшті екенін алға тарта отырып, ондағы БАҚ тілі мен журналистер тарапынан жіберілген қателіктер яғни узустық қолданыстарды орфографиялық, орфоэпиялық, семантикалық, грамматикалық, пунктуациялық, калька тәсілі деп жеке-жеке қарастырып, оларға нақты мысалдар негізінде сараптама жасауы, талдап көрсетуі (мысалы калькаланған аудармаға әуестену, тұрмыстық қарапайым сөздер мен варваризмдерді, диалектизмдерді, тұрақты тіркестерді дұрыс қолданбау, мағынасы сәйкес келмейтін сөздерді тіркестіру) сияқты қателіктерді жүйелеп дәйектеуі зерттеу жұмысының қолданбалы сипаты мен практикалық құндылығын арттыра түскен. Практикалық сабақтарда кеңінен пайдалануға болады.</p>

<p>8.4 мәлімдемелер сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталған/шінара расталған/ расталмаған</p>	<p>Маңызды нақты және ғылыми</p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер шетелдік және отандық зерттеушілердің монография, мақала, диссертациялық зерттеулері болып табылады. Атап айтқанда, зерттеу жұмысына тікелей қатысты теориялық еңбектер: А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерімен қатар грамматикалық категориялардың сипаты тұрғысынан С.Аманжолов, Б. Сағындықұлы, А.Ысқақов, Т.Қордабаев С.Исаев, С.Бизақов еңбектері; тіл мен мәдениет, тіл мен сананың қатынасы, тіл тазалығы аясында Л.П. Ступин, Я. Йылмаз, Р.Кушикердоган, Ф. Гултегин Е.Йаман, М. Балақаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Күдерінова, Н.Рысалиева, Б.Қапалбек, А.Әміржанова еңбектері; тілдік норманы қалыптастырған Ғ.Мұсабаев, І.Кеңесбаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев, Б. Сағындықұлы, А.Алдашева, Қ.Қадырқұлов еңбектері; норма мен узус терминдеріне жеке тоқталып өткен еңбектер Л.В. Щерба, Л.П. Крысин, Э. Косериу, Л.К. Латипшев, И.В. Пекарская, Ю.С.Степанов, Е.В. Ерофеев, А.Н. Кудлаев, Д.Е. Розенталь, М.А. Теленкова Ж.М.Гузеев, Р.Сыздық, Н.Уәли, Б.Малбақов; Әлеуметтік лингвистикаға қатысты М.М.Копыленко Р.Сыздық, Н.Уәли, Б.Х.Хасанұлы, Э.Д.Сүлейменова, Н.З.Шаймерденова, М.К.Исаев, З.К.Ахметжанова, А.Салқынбай, С.Баяндина, А.Құмарова, С.Асанбаева, А.Абасилов, О.Жұбаева, К.Күркебаев еңбектері;</p> <p>Медиакеңістік, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты Ө.Айтбайұлы, Н.Қарашова, Р.Барлыбаев, А.Алдашева, Б.Момынова, Ш.Мәжітаева, О.Бүркітов, Қ.Қадырқұлов, С.Сапина, Г.Ерназарова т.б. еңбектерінде зерттелді. Ал газет тілінің прагматикалық аспектіде зерттелуін М.Мұқашева, В.Әбішева, Ә.Игенсартова, Б.Райымбекова, Б.Момынова, Қ.Есенова, Ф.Жақсыбаева, А.Жұмағұлова т.б. еңбектері;</p> <p>Әлеуметтік желідегі қарым-қатынасты прагматикалық, коммуникативтік, лингвостилистикалық тұрғыдан қарастырған В.Н.Рябов, А.А.Магусевич, Е.И.Горошко, Г.Ю.Виноградов, Е.Н.Вахрамова, Н.В.Кузнецова, Н.А.Муравьев, Е.В.Исаев, К.Садирова еңбектері; Кинодискурс саласындағы А.Әділова, Ш.Нұрмышева, А.Тұяқбаева т.б. ғалымдардың еңбектері докторанттың зерттеуіне негіз болған. Сонымен қатар бұл ғылыми жарияланымдардың көбісінің жарық көрген мерзімі де соңғы кезеңдерді қамтиды. Бұл диссертацияда ғылымдағы соңғы уақыттардағы зерттеулердің де ескерілгендігін көрсетеді.</p>
--	--	---

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: ия; жоқ	Ия. Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері лексикография, стилистика, кино тілі салаларындағы бұған дейін бар зерттеулерге теориялық тұжырымдарды толықтырады және дамытады әрі өзіндік үлес қосады. Сонымен қатар зерттеліп отырған мәселе, яғни норма мен узус жұмсалым лингвистикасы, әлеуметтік лингвистика саласы ретінде қарастырылуы жағынан маңызы бар. Зерттеу жұмысының теориялық-әдістанымдық ұстанымдары алдағы осы бағыттағы тың жұмыстардың жазылуына жол ашады. Оған диссертациядағы автор пайымдаулары мен талдаулары дәлел бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: ия; жоқ	Ия. Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдары, талдауға түскен тілдік материалдарды сөз мәдениеті, публицистикалық стиль, лексикография салаларын дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ арнайы сөз қателері, қате қолданыстар, узустық қолданыстар, қазіргі коммуникативтік сөз жұмсалымдары сөздігін жасауда, құрастыруда пайдалануға болады. Сондай-ақ, «Сөз мәдениеті», «Стилистика және тіл мәдениетінің негіздері», «Қазіргі қазақ публицистикасының тілі», «Қазақ сөз өтикеті», «Тілдік қарым-қатынас», «Әлеуметтік лингвистика» сияқты пәндермен қатар жоғары оқу орындарындағы лингвистика, филология мамандықтары бойынша білім алушылар пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі узус терминін терең әрі ғылыми тұрғыдан зерттеп отырған жұмыс деп бағалаймын.

10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация ғылыми стильде сауатты, жоғары деңгейде жазылған. Техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарттар қоятын талапқа сай келеді.
----	---------------------------	--	--

«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сарсенбай Жанат Асылханқызының «Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе: норма және узус» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы жоғары, зерттеу нәтижелері ғылыми жұмыстың талаптарына сай келеді.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, Сарсенбай Жанат Асылханқызының «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры,  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент**



**Б.С. Қапалбек**